

**Кафедра меңгерушісі**  
**БАЙҒҰТОВА ДИНАРА НЫШАНҚЫЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



*Байғұтова Динара Нышанқызы* 1978 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық ауылында дүниеге келді. 1983-1994 жылдары Әлішер Науаи атындағы орта мектепте оқып, үздік бітіріп шықты.

1994-1998 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімі филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бөлімінде оқып, оны қызыл дипломмен аяқтады. Еңбек жолын 2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтының түркітаным кафедрасында оқытушы болып бастады.

2004-2005 оқу жылында филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды. 2005-2011 оқу жылдары түркітаным, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2011-2012 оқу жылынан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. Осы жылдары республикалық, халықаралық деңгейде өткізілген бірнеше ғылыми іс-тәжірибелік конференцияларды жоғары деңгейде ұйымдастырды (Атап айтқанда, Әділ Ермаковтің, А.Байтанаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған және т.б. конференциялар).

2003 жылы көрнекті ғалым, ф.ғ.д., профессор Т.Сайрамбаевтың жетекшілігімен Қазақтың Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институты жанындағы Диссертациялық Кеңесте «Қазіргі қазақ тіліндегі меңгеру байланысу формасы, аясының кеңеюі мен тарылуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 2007 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі жоғары аттестаттау комиссиясының шешімімен доцент ғылыми атағы берілді.

2011-2012 оқу жылында қайта ашылып, қалпына келтірілген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2019-2020 жж. Магистратура және докторантура бөлімінің басшысы қызметтерін абыройлы атқарды.

Қазіргі уақытта Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда.

Қазақстан Республикасының ЖОО педагогикалық мамандықтарының оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 240 сағат, ҚР педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу

орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы бойынша 232 академиялық сағат, «Білім беру сапасын көтерудің жоба менеджменті» бойынша 32 сағат біліктілік курстарынан өткен. Бірнеше халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейде өткен ғылыми, әдістемелік, тәрбиелік іс-шараларға қатысып, сертификат алған.

Бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция, семинар сертификаттары мен ҚР БЖҒМ Ақредиттеу туралы куәлігін иеленген.

«ОҚМПУ -80 жылдық» төсбелгісімен (2017), БҒМ «Алғыс хатымен» марапатталған.

60-тан аса ғылыми және публицистикалық мақалалардың, бірнеше оқу-әдістемелік оқу құралдарының авторы.

Д.Н.Байғұтова «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ тілінің стилистикасы» пәндерінен дәріс береді. 40-қа жуық мақалалары мен «Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері» (2004), «Қазақ тілінен тест тапсырмалары», 5-сынып (2003), «Қазіргі қазақ тілі деген еңбектері бар.